



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қараша 2025

Қарашада жылдық инфляция 12,4%-ға дейін төмендеді. Бұл баяулау негізінен қызмет көрсету мен азық-түлік тауарларының дезинфляциясынан туындады, ал азық-түлік емес тауарлар бойынша баға өсімі керісінше жеделдеген. Азық-түлік компоненті әлі де жалпы инфляцияға ең көп үлес қосып отыр.


Айлық инфляция қызмет көрсету саласындағы баға динамикасының өзгеруіне байланысты 0,8%-ға дейін өсті. Алдыңғы айда бұл салада баға төмендеген болатын, осы айда баға өсімі байқалды. Ал маусымдық түзетілген инфляция керісінше 0,7%-ға дейін баяулады.

Маусымдық түзетілген баға өсімі азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлары бойынша баяулады, ал қызмет көрсету саласында жеделдеді. Азық-түлік тауарларының бір айдағы маусымдық түзетілген инфляциясы – 1,23%-дан 0,73%-ға, азық-түлік емес тауарлардікі 1,11%-дан 0,84%-ға төмендеді, ал қызмет көрсету саласында керісінше (-)0,04%-дан 0,41%-ға дейін өсті.

Маусымдық түзетулерді ескергенде, ең көп баға өсімі қант, джем, бал, шоколад пен кондитерлік өнімдер, балық және теңіз өнімдері, жеке қолдануға арналған заттар, тұрмыстық техника, аудиовизуалды жабдықтар, тұрғын үй жалдау, сатыға бөлінбеген білім беру, кешенді демалыс қызметтері мен көлікке техникалық қызмет көрсету саласында байқалды. Сонымен қатар, реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің бағасы маусымдық түзетулерді есептегенде төмендеген.


Маусымдық түзетілген базалық инфляция медианасы 1%-дан 0,8%-ға дейін баяулады, бұл көрсеткіш екінші ай қатарынан төмендеп отыр. Бағаның екі жағынан 10% үлесті қысқарту және ең құбылмалы сегіз компонентті есепке алмау арқылы алынған базалық инфляция көрсеткіштері де баяулау трендін көрсетті, бірақ әлі де жоғары деңгейде қалып отыр.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Негізгі тауар топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсуі әлемдік бағаның жоғары болуы мен ішкі өндіріс шығындарының артуына байланысты болды. Қарашада жылдық азық-түлік инфляциясы 13,4%-ға дейін бәсеңдеді (қазанда – 13,5%), айлық баға өсімі 1% деңгейінде қалды. Баға өсіміне негізінен көкөніс, соның ішінде қызанақ пен қияр әсер етті, себебі топырақ астында өсетін өнім өндірушілер бағасы көтерілді. Ет бағасы да маңызды фактор болып отыр. Сиыр еті әлемдік баға мен экспорттың әсері азайғанына қарамастан, өндірушілер шығындарының өсуі мен алдыңғы жылдарға қарағанда өндіріс көлемінің төмендігі салдарынан қымбаттап отыр.

Азық-түлік емес тауарлардың қымбаттауын ЖЖМ бағасы шамалы өскені тежеді, бірақ тұрақты тұтыну сұранысы мен импорт бағалары баға қысымын сақтап отыр. Жылдық баға өсімі 11,2%-ға жетті (қазанда – 11%), айлық көрсеткіш 0,9%-ға дейін баяулады (1,2%). Бұрын баға өсіміне ЖЖМ бағасының қымбаттауы әсер етсе, дағдарысқа қарсы шаралар аясында енгізілген мораторий ЖЖМ бағасының өсуі мен жалпы азық-түлік емес тауарлар инфляциясын бәсеңдетті. Киім-кешек пен аяқкиім бағасы сұраныстың тұрақтылығына байланысты сақталып отыр, ал гигиеналық тауарлар мен зергерлік бұйымдар импорт бағасының әсерінен қымбаттап жатыр.


Қызмет көрсету саласындағы инфляция реттелетін ТКҚ тарифтерінің төмендеуі себепті баяулауын жалғастырды. Жылдық мәнде бағалар 12,3%-ға өсті (қазанда – 12,9%), ал айлық көрсеткіш 0,3% болды (0,8%-ға төмендеген). Реттелетін ТКҚ қызметтері бойынша су жеткізу тарифі 7,1%-ға, су бұру 6,2%-ға, жылу 4,9%-ға, электр энергиясы 2,7%-ға, ал тарату желілері арқылы жеткізілетін газ 0,4%-ға арзандады. Осы қызметтер бағасының арзандауы ақылы қызмет инфляциясы мен жалпы инфляцияның баяулауына әсер еткен негізгі фактор болды. Сонымен қатар нарық қызметтерінің біразында баға өсімі сақталып отыр. Атап айтқанда, тұрғын үйді жалға алу, шаштараз, байланыс, көлікке техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, амбулаториялық қызметтер бағасы қымбаттап жатыр.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

2025 жылғы қарашада ФАО азық-түлік бағасы индексі 125,1 пунктке жетіп, айлық мәнде 1,2%-ға, жылдық есепте 2,1%-ға төмендеді. Индекстің төмендеуі сүт өнімдері, ет, қант және өсімдік майларының арзандауына байланысты болса, дәнді дақылдар, керісінше, қымбаттап, жалпы төмендеуді ішінара тежеді.

Дәнді дақылдар бағасы 2025 жылғы наурыздан бері алғаш рет қазан айында қымбаттады. Бұл динамика АҚШ жеткізілімдеріне Қытай тарапынан сұраныс күшейеді деген болжамға, Қара теңіз аймағындағы геосаяси қауіп-қатер мен Ресейдегі егістік көлемі қысқарады деген болжамға байланысты болып отыр. Жүгері, арпа және сорго бағалары да өсті. Ал күріш ұсыныстың артуы мен импорт сұранысының төмен болуынан арзандады.

Өсімдік майларының бағасы да қарашада төмендеді: пальма, рапс және күнбағыс майларының арзандауы ұсыныс болжамдарының жақсаруы мен маусымдық жеткізілімдердің өсуімен байланысты болды. Ал соя майы биодизель өндірушілерінің жоғары сұранысы әсерінен сәл қымбаттады.

Еттің әлемдік бағасы қарашада төмендеді, бұған негізінен шошқа еті мен құс етінің көп ұсыныс пен төмен сұранысқа байланысты арзандауы әсер етті. Ал сиыр етінің бағасы тұрақты жоғары деңгейде қалып, қой еті бағасы әлемдік нарықтардағы импорт сұранысының тұрақтылығына байланысты өсті.

Сүт өнімдері бағасы қарашада одан ары төмендеп, барлық негізгі категорияларды қамтыды. Бағаның төмендеуі негізгі өндірушілердегі өндіріс көлемінің өсуімен, экспорттық ұсыныстың көп болуымен және кейбір азиялық нарықтардағы сұраныстың әлсіреуімен түсіндіріледі.

Қант бағасы да қарашада төмендей түсті. Баға қысымын Бразилиядағы жоғары өндіріс көлемі және Үндістан мен Таиландтағы егінге қатысты болжамдардың жақсаруы қалыптастырады.

Дегенмен, ішкі нарықтағы ет, қант және дәнді дақылдар бағасы әлемдік котировкалардың төмендеуіне қарамастан тұрақты жоғары деңгейде сақталып отыр. Бұл халықаралық нарықтан келетін баға сигналдарының баяу жетуі мен ішкі факторлардың әсері күшті екенін көрсетеді.

1- кесте. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Қараша	Желтоқсан	Тамыз	Қыркүйек	Қараша
Дәнді дақылдар (ФАО)	147,8	155,1	152,1	149,9	147,8
Ұн ТБИ	199,5	199,2	202,2	203,4	204,7
Баға айырмашылығы, п.т.	51,7	44,0	50,1	53,5	56,9
Өсімдік майы (ФАО)	208,9	216,6	233,6	235,2	221,8
Өсімдік майы ТБИ	163,9	168,7	195,2	195,6	197,4
Баға айырмашылығы, п.т.	45,0	48,0	38,4	39,7	24,5
Қант (ФАО)	196,8	195,0	169,1	159,8	145,6
Қант ТБИ	210,4	207,0	231,3	226,9	223,9
Баға айырмашылығы, п.т.	13,5	12,0	62,2	67,0	78,3
Ет (ФАО)	144,7	153,0	170,6	166,9	160,4
Ет ТБИ	154,5	155,1	183,2	186,6	187,9
Баға айырмашылығы, п.т.	9,8	2,1	12,6	19,6	27,5
Сүт өнімдері (ФАО)	174,5	184,9	200,7	193,2	181,2
Сүт өнімдері ТБИ	178,9	180,2	190,9	193,7	195,1
Баға айырмашылығы, п.т.	4,4	4,8	9,9	0,5	13,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, ол теңге мен АҚШ долларының орташа айлық бағамы бойынша теңгемен қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалардың әлемдік бағалардан жоғары екенін, ал жасыл түс – әлемдік бағалардың ішкі бағалардан жоғары екенін білдіреді.

Өндірушілер бағасы


2025 жылғы қарашада азық-түлік өндірісінде баға өсімі жалғасты. Азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне ауыл шаруашылығы шикізатының қымбаттауы, мал сою қарқынының баяу болуы және дайын өнімге деген сұраныстың тұрақты болуы әсер етті. Бидай бағасы 2024 жылғы қыркүйектен бері алғаш рет көтерілді. Сондай-ақ, коммуналдық қызмет тарифтері, энергетикалық ресурстар құнының өсуі мен логистикалық қызметтердің қымбаттауы өнімнің өзіндік құнына қосымша қысым түсіріп отыр.

Ішкі өндіріс өнімдерінің қымбаттауымен қатар, импорт азық-түлік бағасы да өсті. Ресейдегі азық-түлік инфляциясының жоғары деңгейі мен теңгенің Ресей рубліне шаққанда әлсіреуі ТМД елдерінен келетін импорттық өнімдердің құнына әсер етіп отыр. ТМД елдерінен әкелінетін азық-түлік тауарларының ішінде ет және сүт өнімдері, нан-тоқаш өнімдері, кондитерлік өнімдер, күнбағыс майы, ірімшік пен сүзбе қымбаттады. ТМД-ға жатпайтын елдерден келетін импорттық тауарларда шоколад, басқа кондитерлік өнімдер, кофе, дәмдеуіштер мен теңіз өнімдері бағасы өсті.

Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағалары салыстырмалы түрде баяу өсіп жатыр. Соның ішінде ең жоғары өсу қарқыны бензин мен отандық фармацевтикалық өнімдерден байқалады. Ал импортталатын азық-түлікке жатпайтын тауарлар сегментінде дәрі-дәрмек, жуып-тазалауға арналған құралдар, сондай-ақ тұрмыстық техника мен құрал-жабдықтар, бейнекамералар мен жарықтандыру құрылғылары айтарлықтай қымбаттаған.


7-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін

өндірушілер бағасы, %, ж/ж




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

9-график. Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағасы, %, г/г



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ